Экономика және қаржы департаменті

«Балаларға арналған мемлекеттік тілді үйрететін компьютерлік ойын әзірлеу» жобасы бойынша №47 келісімшарттың қазан-желтоқсан айлары аралығында орындалған жұмыстардың актісіне

Салалық қорытынды

«Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті» мемлекеттік мекемесі және «United Kingdom» ЖШС 2025 жылғы «2» сәуірдегі №47 келісімшартта көзделген «Балаларға арналған мемлекеттік тілді үйрететін компьютерлік ойын әзірлеу» жобасын *(одан әрі - Ойын)* іске асыру мақсатында **268 674 899.36 (екі жүз алпыс сегіз миллион алты жүз жетпіс төрт мың сегіз жүз тоқсан тоғыз теңге отыз алты тиын) теңге** құрайтын келісімшарт жасады.

Келісімшарт аясында ойынның техникалық ерекшелігіне сәйкес, ойынды әзірлеудің үшінші кезеңінде келесі жұмыс түрлері атқарылды:

Өнім беруші ай сайын ойынның әзірлену барысы туралы офлайн есеп берді. Талқылау барысында ойынға «Steppe Rider» атауы берілді. Тестілеу барысында берілген ескерту-ұсыныстар есепке алынды. Тестілеу модульдік, интеграциялық, жүйелік және бета тестілеуден тұрды және интеграциялық тәсіл арқылы жүргізілді. Жүргізілген сынақтардың нәтижесінде барлық критикалық және орта деңгейдегі қателер түзетілді, ойынның өзі регрессиондық тестілеуден сәтті өтті.

Тестілеу нәтижесі бойынша қорытынды түзетулер енгізілді, атап айтқанда ойынның өнімділігі күшейтілді, деректерді сақтау және жаңарту, көптілді қолдау қызметтері оңтайландырылды, интерфейс (UI/UX) және ойын модульдерінің логикасы түзетілді, анимациялық және визуалды эффектілер жақсартылды, дыбыстық сүйемелдеу жаңартылды, лидерлер тақтасы мен жетістіктер панелі жетілдірілді.

Ойынның өнімділігін оңтайландыру және оның дербес компьютер мен мобильді құрылғылардағы бірқалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін графикалық ресурстар оңтайландырылды, жүктеу уақыты қысқартылды, кадр жиілігі тұрақтандырылды, логика мен есептеу оңтайландырылды, дыбыстық ішкі жүйе оңтайландырылды, ұзақ ойын сеанстарындағы тұрақтылық арттырылды, әртүрлі қуаттылықтағы құрылғыларға бейімделді.

Ойыншыларға (пайдаланушыларға) және әкімшілік панельді пайдалануға арналған нұсқаулық әзірленіп, ойынға алғаш кірген кезде автоматты түрде іске қосылатын оқу экранының модулі ретінде орналастырылды. Нұсқаулық ойынды басқарудың негізгі принциптері мен негізгі механикаларын түсіндіруге бағытталған.

Ойынның үш деңгейінің демо-нұсқасы дайындалды. Демо-нұсқа бастапқы тестілеуге, тұтынушыға көрсетуге, презентациялауға және оқу құралы ретінде пайдалануға арналған.

Деректерді жергілікті және бұлтты сақтау шешімдерін қолдау қамтамасыз етілді. Ойынның тұрақтылығын, деректердің қауіпсіздігін және болашақтағы жаңартулар мен модернизацияда икемділікті қамтамасыз ететін жергілікті деректер сақтау және серверлік сақтау қамтамасыз етілді. Ойын материалдарын бұлтты сақтау және жобаны болашақта масштабтау үшін бөлек серверлік инфрақұрылым құрылды. Сервер қазіргі заманғы деректер орталығында орналасқан.

Ойындар мен қосымшаларды орналастыру платформаларында аккаунттар ашылды. Атап айтқанда Google Play (Android), App Store (iOs) және Steam (ойынның комьютерлік нұсқасы) цифрлық дүкендерінде ресми әзірлеуші аккаунттары ашылып, тіркеліп, толық бапталды.

Ойын платформасы Steam талаптарына толық сәйкестікте жүзеге асырылды. Ойынды компьютерге шығару үшін толыққанды Steamworks әзірлеуші аккаунты тіркелді, ойын Steam Store-де орналастырылды, ойынның ресми беті құрылды. Бұл әлем бойынша пайдаланушыларға ойынның қолжетімдігін қамтамасыз етеді.

Дайын ойынның таныстырылымы 2025 жылғы 1 желтоқсанда өткізілді. Шараға Тіл саясаты комитетінің басшылығы мен жауапты мамандары және ойынды әзірлеуші тараптың өкілдері қатысты. Әзірлеуші тарап ойынның демо-нұсқасымен таныстырып, ойынның функционалдық мүмкіндіктерімен, тіл үйрету механикасымен жан-жақты таныстырды.

Ойынның бета-нұсқасы Google Play (Android), App Store (iOs) және Steam (ойынның комьютерлік нұсқасы) ойын платформаларында жарияланды. Алдымен 104-ші мектеп оқушыларының қатысуымен қорытынды тексерулер өткізілді. Оқушыларға ойын ойнауға 40 минуттан бөлініп, кері байланыс жасалды. Олар ойынның қызықтылығы, күрделілігі, басқарудың ыңғайлығы бойынша пікірлерін берді.

Жарнамалық-ақпараттық науқан ұйымдастырылды. Алдын ала әзірленген баспасөз парағы Тіл саясаты комитеті тарапынан келісілді. Науқан аясында желтоқсан айында цифрлық платформаларда ілгерілету жұмыстары жүргізілді. Комитеттің ресми сайты, ақпараттық порталдар мен әлеуметтік желілерде ойынның мүмкіндіктерін түсіндіретін арнайы бейнеролик жарияланды. Білім беру мекемелері мен ата-аналарға тарату үшін ойын және оның мемлекеттік тілді оқытудағы артықшылықтары туралы материалдар әзірленді.

Ойынның басқару жүйесіне, әкімшілік панельге қолжетімдік әзірлеушілерге, тестілеушілерге және тапсырыс берушілерге рөлдік құқықтар жүйесі арқылы берілді. Әзірлеушілер өзгерістен ернгізу үшін бастапқы кодқа және дерекқорға қол жеткізе алады, сондай-ақ дүкендер арқылы жаңартулар жүктей алады. Тестілеушілер мен менеджерлер қателер туралы есептерді талдай алады, ойынның жаңа нұсқасын сынай алады және кері байланыс бере алады. Тапсырыс беруші жобаның жай-күйі мен статистикасы туралы есептерге қол

жеткізе алады, сондай-ақ жаңартулар мен енгізілген өзгерістердің сапасын тексере алады.

Өнім беруші Тіл саясаты комитетіне барлық бастапқы кодтарды hard (HDD) диск арқылы тапсырды. Аталған дискіге ойын логикасы, модельдер, текстуралар, анимациялық ресурстар, медиафайлдар (аудио және видео) және т.б. материалдар жүктелген.

Ойынның атауын, кейіпкерлерін, логотиптерін, графикасын, музыкасын, ойын жарияланған платформалардың логиндері мен парольдерін және басқа элементтерін қоса алғанда, ойынды әзірлеуге байланысты барлық зияткерлік меншік құқығы Тапсырыс берушіге 2025 жылғы 5 желтоқсанда берілді. Ол жөнінде екі тарап (Тіл саясаты комитеті және «United Kingdom» ЖШС) арасында айрықша құқықтарды қабылдап алу туралы №3 акт жасалды.

Ойынның мобильдік Android және iOs нұсқалары ұсынылды. Ол үшін алдымен графика мен интерфейсі әзірленді, мобильді құрылғыларға оңтайландырылды. Ойынның Android нұсқасы үшін Google Play Console-де әзірлеуші аккаунты тіркеліп, қолданба беті дайындалды. Сол сияқты iOs нұсқасы үшін Apple Developer Account тіркеліп, App Store Connect-те ойын беті дайындалды.

Ойынның әзірленгенін растайтын, ойынды әзірлеудің 1 және 2-кезеңдері туралы шығармашылық есеп Тіл саясаты комитеті тарапынан шілде және қыркүйек айларында қабылданды.

Ойын іске қосылғаннан кейін Өнім беруші 2026 жылы ойынды техникалық қолдау, қателерді жою үшін оны тұрақты жаңарту және ойынды жақсартуға бағытталған жаңа функционалдық мүмкіндіктер қосу міндеттемесін алды. Сондай-ақ шығармашылық есепте 2026 жылы жүргізілетін жұмыстар туралы ежгей-тежгейлі ақпарат ұсынылды.

Негіздеме: «United Kingdom» ЖШС-ның 2025 жылғы 8 желтоқсандағы қыркүйектегі №003-81 шығыс хаты.

Тіл саясаты
комитеті төрағасының орынбасары **Ғ. Абзалбек**